



Бекітемін: *Handwritten signature*
Мектеп директоры
Т.Б. Танирбергенов

Келісемін: *Handwritten signature*
Тәрбие ісінің орынбасарлары
А.С.Салкимбаев, С.Х.Утебаева

«Театр және балалар»
үйірмесінің жұмыс жоспары

Калиновка орта мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі
Оразова Илан Турмыскалиевна
2021-2022 оқу жылы

«Театр және балалар» үйірмесінің бағдарламасы

Түсінік хат

Білім беру жүйесінің талаптары бойынша қазақ әдебиетін оқыта отырып, рухани дүниесін байытып, оларға азаматтық, адамгершілік, көркемдік-эстетикалық тәрбие беру және олардың ой-өрісін кеңейтіп, ауызша сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін дамыту көзделді. «Театр және балалар» бағдарламасы жалпы білім беретін бастауыш сынып оқушыларына арналған. Аталған бағдарламада белгілі ақындардың поэзиясын тереңірек оқытуға және оларды мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіріп дамыту көзделді. Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Оқушыларды шешендік өнерге баулудың маңызы зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметпен бағалағандықтан, бастауыш сынып оқушыларын ата-баба ізімен шебер сөйлеу, тілдерін дамыта түсу, олардың үлгі-өнегесін бойларына дарыту – басты мақсат. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Ал бесіктен басталатын тәрбиенің бірден-бірі – қазақ ауыз әдебиеті. Шешендік сөздерінің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең – жыр, дастандармен байланыстырып, театрлық шеберлікке, сахналық көрініс қойылымдарға пайдаланамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқаулары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше. Оқушыларға шешендік өнер туралы мағлұматтарын тереңдетіп, оның жан – жақты тарихи екенін таныту. Танымдық ой – өрісін кеңейту сөздік қорларын молайту, өзіндік пікір айта білу қабілеттерін дамыту мақсатын көздей отырып, «Театр және балалар» үйірмесі ана тілі пәніне негіздей отырып, көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады. Көркем поэзия мен театрлық шеберлікті ұштастыра отырып, заманға сай белсенділік көрсететін, халқымыздың әдебиетін, мәдениетін бағалайтын құрметтей білетін, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру.

«Театр және балалар» үйірмесінің мақсаты:

1. Оқушылардың жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеу;
2. Рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету;
3. Кітап оқуға деген ынтасын қалыптастыру.
4. Театрлық шеберлігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын дамыту;
- шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуін, эмоциялық қабылдауын (кейіпкерлердің көңіл-күйіне ортақтасу, күйіну, сүйіну т.б.) қамтамасыз ету;
- шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін аша білуге бағыттау;
- ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін (ойын еркін жеткізу, сауатты да мәнді жаза білу) дамыту;
- өзіндік ой пікірін айта білуге баулу;
- оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту.
- Театрлық шеберлікке баулу;
- Кітапқа деген құштарлығын арттыру;

Күтілетін нәтиже:

- Көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп, ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады.
- Балалар жазушыларының сөздерін жаттап өсіп, жаңа ұғымдармен танысады.
- Мақалдың немесе өлең ұйқастарын таба отырып, берілген қысқаша мәтінді өз ойымен жалғастыра білуді үйренеді.
- Театрлық шеберліктерін байытып, сахналық қойылымдар арқылы дүниетанымы кеңейеді.

«Театр және балалар» үйірмесінің жоспары

p/c	Сабақтың тақырыбы	мақсаты	Уақыты	Қолданылған әдебиет
	Кіріспе.			
1	Театрға саяхат жасау	Дүниетанымын кеңейту	02.09	Қабдолов «Сөз өнері»
2	Салт-дәстүрмен танысу	Ой-өрісін дамыту	08.09	Ана тілі 2006
3	Бесікке салу дәстүрі	Қазақ халқының салт-дәстүріне тәрбиелеу	09.09	Мөлдір бұлақ журналдары
4	Қанатты сөздер	Ел басын құрметтеуге тәрбиелеу	15.09	Балдырған журналдары
5	Әдептілік белгісі	Ана тілін қастерлеуге тәрбиелеу	16.09	Өлеңдер мен поэмалар
6	Сыпайы сөйлесу	Ұстаздарға құрмет көрсету	22.09	Ақшағала, Алматы, 2001
7	Диалог	Адамдармен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу	23.09	Балалар журналдары
8	Өлеңді мәнерлеп оқық	Мәнерлеп оқуға қалыптастыру	29.09	Бастауып сынып және Сыныптан тыс журналдар
9	Сөйлеу барысында болатын кідіріс(пауза)	Дұрыс сөйлеуге дағдыландыру	30.09	Қабдолов «Сөз өнері»
10-11	Күн іздеген достар	Театрлық қойылым көрсете білуге үйрету	06/07.10	Интернет көздерінен
12	Жылы сөз жан жадыратады	Жылы сөздер айта білуге баулу	13.10	Өзін-өзі тану оқулықтары мен журналдар
13	Жұбату, көмектесу	Көмек беруге дайындау	14.10	Поэмалар мен кітаптар
14	Жұбату-жебеу	Мейірімділікке баулу	20.10	Балалар журналдары
15	Мен қандай тыңдаушымын?	Бір-бірін тыңдай білуге қалыптастыру	21.10	Журналдар
16-17	Мен оқырманмын	Кітап оқуға қызығушылығын арттыру	27/28.10	Ертегілер, мысалдар, поэмалар, журналдар
18-19	Халық ертегілерінен қойылым	Мәнерлеп оқуға, ертегі мазмұнын түсіне білуге үйрету	10/11.11	Қазақ ертегілері, балдырған, ұлан газеттері
20-21	Мәтіннің көркем тұстары	Мәнерлеп оқи білуіне назар аудару	17/18.11	Жыл он екі ай, балаларға арналған әңгімелер
22-23	Тұңғыш президент	Патриоттыққа тәрбиелеу	24/25.11	Сыныптан тыс әдебиеттер
24-25	Тыйым салу, сақтандыру	Тыйым сөздер жаттау	02/08.12	Сыныптан тыс журналдар
28-29	Желтоқсан желі	Желтоқсан батырларын құрметтеу	15/22.12	Интернет желісі, журналдар
30-31	Жаңа жылға тарту	Салтанатты кеш	23/29.12	Сөз құдіреті, журналдар
32-33	Соқыр ана 1-бөлім	Ананы сыйлауға, құрметтеуге баулу.	12/13.01	Сыныптан тыс жұмыстар журналы
34-35	Соқыр ана 2-бөлім		19/20.01	Балалар журналдары
36-37	Ақын-жазушылардың өлеңдерін оқу	Мәнерлеп оқуға төселдіру	26/27.01	Журнал, интернет желісі

38-39	Көркем сөзім-көрікті ойым	Көркем сөз оқуға төселдіру	02/03.02	Журналдар, бастауыш мектеп, Ұлан, Алтын сандық газеттері
40-41	Құстар-біздің досымыз!	Қанатты достарды қорғауға тәрбиелеу	09/10.02	Жаттамақтар Жыл он екі ай журналдар
42-43	Күзгі жапырақтар Қыс көріністері	Табиғат тамашаларын сезінуге тәрбиелеу	16/17.02	Балалар журналдары Интернет желісі
44-45	Көктем Жайдары жаз	Мәнерлеп, түсініп оқуға қалыптастыру	23/24.02	Балалар журналдары Балалар әдебиеті
46-47	Жан анам	Татулыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу	02/03.03	Балалар журналдары
48-49	Менің отбасым	Отбасылық құндылықтарды дәріптеу	09/10.03	Балалар журналдары
50-51	Наурыз-ұлы той	Ұлттық тойымызды құрметтеу	16/17.03	Балалар журналдары
52-53	Ы. Алтынсариннің әңгімелерінен қойылым (1-бөлім)	Ұлы ұстаз әңгімелерінен қойылымдар қоя білуге үйрету.	23/24.03	Жаңғалақтар, Алматы, 2001 Ы. Алтынсарин кітаптары
54-55	Ы. Алтынсариннің әңгімелерінен қойылым (2-бөлім)	Көркем сөзді мәнерлеп оқуға төселдіру.	30/31.03	Ақ шағала, Алматы, 2001 Ы. Алтынсарин әңгімелерінен
56-57	Қазақстан жалауы	Рәміздерді кастерлеуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу	06/07.04	Керек кітап, Алматы, 2007
58-59	Абайдың жыл мезгілдеріне жазған өлеңдері	Табиғат лирикасын танытуға үйрету	13/14.04	Абай шығармаларының 2 томдық жинағы, Алматы 2007
60-61	Құстар-көктем жаршысы	Табиғатты сүйуге, құстарды қорғауға тәрбиелеу	20/21.04	Жыл он екі ай, журналдар, жаттамақтар
62-63	Еңбек етпеген, ішіп жемейді(ертегі)	Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	27/28.04	Қазақ ертегілері Балалар журналдары
64-65	Жалқау балапан Д. Қасенов	Балаларды сахналап, қойылым қоюға қалыптастыру	04/05.05	Жаңғалақтар, Алматы, 2001
66-67	Мен бақытты баламын!	Салтанатты кеш	11/12.05	Бөбек, журналдар, газеттер
68-69	Қорытынды	Әдеби кеш ұйымдастыру	18/19.05	Интернет желісі, газет-журналдар, кітаптар

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Шешендік өнер әліппесі». 1 сынып
Ерешева, Ж. Әбділда. Алматы «Өлке» баспасы
М.Құлкенов, К.
2. «Шешендік өнер әліппесі». 2 сынып
Ерешева, Ж. Әбділда. Алматы «Өлке» баспасы
М.Құлкенов, К.
3. «Шешендік өнер». 3 сынып
Ерешева, Ж. Әбділда. Алматы «Өлке» баспасы
М.Құлкенов, К.
4. «Шешендік өнер». 4 сынып.
Ерешева, Ж. Әбділда. Алматы «Өлке» баспасы
М.Құлкенов, К.
5. «Шешендік өнер әліппесі»
М. Алматы: Өлке баспасы /2015 ж.
Ерешева К., Құлкенов
6. «Жұмбақтар жинағы»
баспасы / 2002
Алматы: «Өнер»
7. Қазақ мақал-мәтелдері
баспасы, 2004-2006
Алматы: «Ана тілі»
8. Бастауыш журналдары
2013/ 2014
2008/2019/2010/2012/
9. «Сөз өнері». Алматы, 1991 ж.
З. Қабдолов
10. «Әдебиет теориясының негіздері.»
Алматы, 1970ж.
11. Р. Нұрғалиев. «Өнер алды – қызыл тіл.»
Алматы, 1974ж.
12. Р. Сыздықова. «Абайдың сөз өрнегі»
Алматы, 1995 ж.
13. Р. Сыздықова. «Сөз құдіреті»
Алматы, 1997
14. Дүйсенбайұлы. «Батырлар жыры»
15. Х. Қожахметова. «Мәнерлеп оқу». Алматы, 1982 ж.
16. С.Тілешева. «Әдебиет сабағында мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру». Алматы, 1984 ж.
18. «Сөз құдіретіНұрмаханова Алматы, 1971 ж.
19. Ә. Нұрмаханова. «Мәнерлеп оқу мәселелері». Алматы Нұрмаханова Алматы, 1976ж.
20. Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері.
Алматы, 2011ж

21. М. Әлімбаев. «Балдәурен балалық.»
Алматы, 2007 ж.
22. Н. Айтұлы. «Шығармалар жинағы».
Алматы, 2008 ж
23. Ұлттық дүниетаным
«Өнер» баспасы 1998, 2002ж.
24. Ы. Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар»
Алматы кітап /2014ж.
25. Балдырған журналдары
26. Алтын сандық газеттері
27. Ұлан газеттері
28. Жаттамақтар
29. Қазақ ертегілері